

Қазақстан Республикасының Туризм және спорт жөніндегі агенттігі төрағасының кейбір бұйрықтарына өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының Туризм және спорт жөніндегі агенттігі төрағасының 2004 жылғы 9 маусымдағы N 06-2-2/197 бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2004 жылғы 17 маусымда тіркелді. Тіркеу N 2903. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Мәдинет және спорт министрінің 2014 жылғы 22 қарашадағы № 107 бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Мәдинет және спорт министрінің 22.11.2014 № 107 бұйрығымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының нормаларына сәйкес келтіру мақсатында бұйырамын:

1. Нормативтік құқықтық актілерді тіркеу мемлекеттік тізілімінде 2002 жылғы 11 қазандағы N 2007 тіркелген "Спорттық іс-шараларға қатысушыларға тамақ нормаларын белгілеу туралы" Қазақстан Республикасының Туризм және спорт жөніндегі агенттігінің 2002 жылғы 11 қыркүйектегі N 06-2-2/208 бұйрығына мынадай өзгерістер енгізілсін:
кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

"Спорттық іс-шараларды өткізудің қаражатын ұтымды пайдалану мақсатында б ұ й ы р а м ы н : " .

2. Нормативтік құқықтық актілерді тіркеу мемлекеттік тізілімінде 2002 жылғы 11 қазандағы N 2008 тіркелген "Спорттық іс-шараларға қатысушыларға фармакологиялық қалпына келтіру құралдарының, витаминдер мен белоктық-глюкозалық препараттардың нормаларын белгілеу туралы" Қазақстан Республикасының Туризм және спорт жөніндегі агенттігінің 2002 жылғы 11 қыркүйектегі N 06-2-2/209 бұйрығына мынадай өзгерістер енгізілсін:
кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

"Спорттық іс-шараларды өткізудің қаражатын ұтымды пайдалану мақсатында б ұ й ы р а м ы н : " .

3. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде осы бұйрықты мемлекеттік тіркеуге ұйымдастыру және жоспарлау-қаржылық жұмыстары басқармасы белгіленген тәртіппен ұсынсын.

4. Осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді.

Төраға

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК